

«6D060100-Математика» мамандығы бойынша  
Философия докторы (PhD) дарежесін алу үшін дайындалған

Жанузакова Динара Таупиховианың

«Фільтрация теориясының тұра және кері есептерін жуықтан шешу  
адістері» тақырыбы бойынша ұсынылған диссертациялық жұмысының  
ғылыми көпесшілік

ПКПРІ

Жанузакова Динара Таупиховианың ұсынып отырган диссертациялық жұмысы фільтрация теориясындағы сыйықты емес тендеулер үшін бастанкышеттік есептерді шешімділікке зерттеу жайында. Псевдопараболалық тендеулер немесе Соболев типті тендеулер, олар синган кеүекті орталагы сыйықты сузу процестерін, жылу және масса алмасу процестерін. Ньютондық емес сыйықтық қозгалысы процестерін, толқындық процестерді, жартылай откізгіштерде, гидродинамикада және т.б. ғылым салаларында колданылады. Псевдопараболалық тендеулер үшін бастанкышеттік есептердің шешімділігі және шешімнің сапалық қасиеттерін зерттеуге көптеген жұмыстар ариалған, мұндай есептер фільтрация теориясында маңызы зор. Бұл диссертацияда фазалық аудиоды есепке алатын фільтрация теориясының математикалық моделі, псевдопараболалық тендеу үшін қойылған бастанкышеттік есебі, параболалық типті тендеу үшін қойылған кері есебі және реакция-диффузия есебі қарастырылды.

Жанузакова Д.Т. жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде келесі ғылыми жаңалықтар алынды:

- Фазалық релаксациясы бар Стефан типті фільтрация теориясының бір моделінің шешімінің бар болуы, жалғыздығы алынды.
  - Сызықты емес шекаралық шартты псевдопараболалық тендеу үшін қойылған бастанкышеттік есептің жалпыланған әлсіз шешімнің локалді және глобалді шешімділігі дәлелденді.
  - Сызықты емес шекаралық шартты псевдопараболалық тендеу үшін қойылған бастанкышеттік есептің жалпыланған әлсіз шешімнің жалғыздығы дәлелденді. Сонымен қатар, шешімдерінің акырлы уақытта кирауы үшін жеткілікті шарттар алынды.
  - Локалді емес косымша шартты квазисызықты параболалық типті тендеуге қойылған кері есебінің әлсіз шешімнің шешімнің кирауы мен асимптотикалық орнықтылығы дәлелденді.
  - Сызықты емес айқас диффузиялы бәсекелестік жүйенің кейбір параметрлер диапазоны үшін периодты стационарлық шешімдердің екі түрлі түрі бар екенін көрсетілді.
  - Сегіз олшемді параметр кеңістігін боліктерге бөліп және шешімдердің Тьюринг аймактары көрсетілді. Аналитикалық әдістермен қатар шешімдердің қасиеттерін зерттеудегі сандық әдістері ұсынылды.
- Жалпы алганда, фільтрация теориясындағы сыйықты емес тендеулер үшін қойылған тұра және кері есептердің шешімділігі туралы маңызды ғылыми мәселелері тұжырымдалған және зерттелген, олардың шынайтыны

математикалық есептеулер аркылы корсетілген, қатан түрде теоремалар түрінде тұжырымдалған және дәлелденген.

Ұсынылған диссертациялық жұмыс «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті» КеАК іргелі және колданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық каржыландыру бағдарламасының жобасы аясында орындалды «Ньютондық емес тұтқыр серпімді сығылмайтын Кельвин-Войт сұйықтығының сзықтық және сзықты емес тендеулеріне кері есептер», (2021-2023, № АР09057950).

Жанузакова Д.Т. алынған нәтижелері жетекші ғылыми журналдарда және әртүрлі семинарлар мен конференцияларда апробациядан өтті.

Ғылыми кеңесші ретінде Жанузакова Д.Т. нәтижелерді алушады оның жеке үлесі маңызды екенін растигымын, атап айтқанда сзықты емес шеттік шартты псевдопараболалық тендеу үшін бастапқы – шеттік есептің шешімділігін дәлелдеуде, параболалық тендеу үшін қойылған кері есептің шешімнің ақырлы уақытта кирауын дәлелдеуде. Бұл диссертацияны орындау барысында диссертант өзін ғылыми жұмысты өз бетінше атқара алатын, енбексүйгіш, табандылық, қойылған міндеттерге жауапкершілікпен карайтын шығармашыл зерттеуші ретінде көрсетті.

Бұл диссертациялық жұмыс жеткілікті жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық мәні бар, PhD докторлық диссертацияларына қойылатын барлық талаптарға жауап беретін аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және оның авторы Жанузакова Динара Таупиховна 6D060100 – «Математика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің  
«Математика» кафедрасының доценті,  
ф.-м.ғ.к.



Айтжанов С.Е.